

Қазақстан Республикасының "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке басты куәландыратын құжаттар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 72-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке басты куәландыратын құжаттар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 29 қаңтардағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге е н г і з с і н ;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 9 с ә у і р д е г і

№ 7 2 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке басты куәландыратын құжаттар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 29 қаңтардағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық және құқықтық актілерінің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
	Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеу, беру,			

1.	ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын және Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттары берілетін Қазақстан Республикасының лауазымды тұлғаларының тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	СІМ	2013 жылғы мамыр
2	Қазақстан Республикасының азаматы паспортының үлгісін, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін және босқынның куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІІМ	2013 жылғы мамыр
3.	Қайтаруға куәлікті және қайтаруға куәліктің үлгілерін ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын және оны қорғауға қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	СІМ	2013 жылғы мамыр
4.	Туу туралы куәлікті ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині	2013 жылғы мамыр
5	Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігінің үлгісін және теңізшінің жеке куәлігі үлгісін ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын және оны қорғауға қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2013 жылғы мамыр
6.	Қазақстан Республикасының азаматы паспортының, Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адам куәлігінің және босқын куәлігінің үлгілерін және оларды қорғауға қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІІМ	2013 жылғы мамыр
7.	Қазақстан Республикасы дипломатиялық және қызметтік паспорттарының үлгілерін және оларды қорғауға қойылатын талаптарын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	СІМ	2013 жылғы мамыр
8.	Туу туралы куәліктің үлгісін және оларды қорғауға қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині	2013 жылғы мамыр
9.	«Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізімдерін жасау, жүргізу және пайдалану ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 сәуірдегі № 343 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	І І М	2013 жылғы мамыр
10.	«Сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру ережесін, Жеке және заңды тұлғалардың (филиалдар мен өкілдіктердің), сондай-ақ дара кәсіпкерлердің сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және бұрын берілген құжаттарын қайта ресімдеу үшін өтініш жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 22	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІІМ	

	мамырдағы № 406 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы			2013 жылғы мамыр
11.	«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІМ	2013 жылғы мамыр
12.	Босқынның жол жүру құжаты үлгісін бекіту туралы	бұйрық	ІМ	2013 жылғы мамыр

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Әділетмині – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

СІМ – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі